

Б.С. Сиздиков <sup>1\*</sup> , М. Гурсой <sup>1</sup> , А.А. Сералиев <sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

\*e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

## САВРОМАТ-САРМАТ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Б.з.б. 1 мыңжылдықта Еуразия құрлығын мекендеген, көшпелі өмір салтын ұстанған, ат құлағында еркін ойнайтын ержүрек, әрі ат үстінде садақ тартып, атқанын мүлт жібермейтін мерген жауынгер тайпалар тарихта «Салт атты көшпелі тайпалар» деген атқа ие болды. Салт атты көшпенді тайпалар жайындағы тарихи деректерге қарайтын болсақ, Савромат-Сармат тайпаларының тарихта алар орны ерекше. Тарихи деректерде аталмыш тайпалардың шығыста Орал тауларының оңтүстігінен, батыста Дунай өзеніне дейінгі аралықтағы ұлан-ғайыр территорияда өмір сүргендігі баяндалады. Аталмыш тайпалардың батысқа жылжуының салдарынан б.з.д. IV ғасырға дейінгі жазба деректерде «Сауроматае», ал б.з.д. IV ғасырдан кейінгі жазба деректерде «Сарматае» деген атпен танылып, тарихи деректерде кездесе бастайды. Сонымен қатар, аталмыш тайпалар Ирандақтардың көне діни кітабы Авестада «Сарима» деген атпен белгілі болады. Кәзіргі таңда Савромат-Сармат тайпаларының шығу тарихы, қоныстанған территориялары және саяси тарихы зерттеуші ғалымдардың ортасында ортақ шешімін таппаған мәселелердің бірі болып табылуда. Осы себептерге байланысты, аталмыш мақалада Савромат-Сармат тайпаларының шығу тарихы, қоныстанған территориялары және саяси тарихы зерттеліп, жазба деректер мен археологиялық деректер негізінде ғылыми тұжырымдар жасалынды. Сонымен қатар мақалада, аталмыш тайпалардың батысқа жасаған жорықтары жайында жазба деректер негізінде талдау жасалынып, саяси тарихпен байланысы анықталды.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Келес өзенінің төменгі ағысындағы обаларды археологиялық және пәнаралық ғылымдар аясында зерттеу» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: AP13068455).

**Түйін сөздер:** салт атты көшпенді тайпалар, савромат, сармат, сак, Еуразия, Оңтүстік Орал, Ерте темір дәуірі.

B.S. Sizdikov <sup>1\*</sup>, M. Gursoy <sup>1</sup>, A.A. Seraliyev <sup>2</sup>

<sup>1</sup>Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana

\*e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

### The origin story of the Sauromato-Sarmatian tribes

The warlike nomads, skilled equestrians, well-aimed archers and courageous warriors who inhabited the Eurasian continent in the first millennium BC known in history as the “nomadic tribes of horsemen”. Based on historical data Sauromates-Sarmatian tribes occupy a special place in history. The historical evidence suggests that these tribes lived on a large territory in the east from the southern Ural Mountains, in the west to the Danube River. Due to the migration of these tribes to the west, in written sources before the IV century BC is frequently occur the name “Sauromate”, and in written sources after the IV century BC – the name “Sarmata”. Moreover, in the oldest religious book of the Iranians the “Avesta” these tribes known as “Sarima”. Now among scientists and researchers the issues of the Sauromat-Sarmatian tribes’ origin, the territory of their land and their political history are still one of the problems that have not found a common solution. For these reasons, this article examines the history of origin, inhabited territories and the political history of the Sauromat-Sarmatian tribes, and draws scientific conclusions based on written sources and archaeological data. In addition, the article analyzed and established a connection with political history based on written data on the campaigns of these tribes to the West.

**Key words:** the nomadic tribes of horsemen, Sauromates, Sarmat, Sak, Eurasia, South Ural, the early Iron Age.

Б.С. Сиздиков<sup>1\*</sup>, М. Гурсой<sup>1</sup>, А.А. Сералиев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави, Казахстан, г. Туркестан

<sup>2</sup>Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

\*e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

### История происхождения савроматско-сарматских племен

Воинственные кочевники, умелые наездники, меткие лучники и мужественные воины, населявшие евразийский континент в I тысячелетии до н. э., известны в истории как «кочевыми племенами всадников». Судя по историческим сведениям савромат-сарматские племена занимают особое место в истории. Исторические данные свидетельствуют о том, что эти племена обитали на обширной территории на востоке от южных Уральских гор, на западе до реки Дунай. В результате переселения этих племен на запад в письменных источниках до IV в. до н. э. встречается в источниках название «Сауромате», а в письменных источниках после IV в. до н. э. – «Сармата». Кроме того, эти племена в Авесте, древнейшей религиозной книге иранцев, известны как «Сарима». В настоящее время вопросы происхождения савромат-сарматских племен, территория их проживания, политической истории остаются одной из тех проблем, которые не нашли общего решения в среде ученых-исследователей. По этим причинам в данной статье изучены история происхождения, заселенные территории и политическая история савромат-сарматских племен, сделаны научные выводы на основе письменных источников и археологических данных. Кроме того, в статье на основе письменных данных о походах этих племен на Запад был проведен анализ и установлена связь с политической историей.

**Ключевые слова:** кочевые племена всадников, савромат, сармат, сак, Евразия, Южный Урал, ранний железный век.

### Кіріспе

XIX ғасырдың соңынан бүгінгі күнге дейін жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде, Батыс Қазақстан далаларында б.з.д. VI ғасырда Савроматтардың, ал одан кейін осы тайпаның негізінде б.з.д. IV ғасырда пайда болған Сармат тайпаларының б.з. IV ғасырға дейін өмір сүргендігі анықталды (Brezezinski, 2002: 3; Gursoy, 2019: 137-139; Sizdikov, 2019: 1-2; Sizdikov, Seraliyev, 2022: 1111-1113). Оңтүстік Орал аймағында тарих сахнасына шыққан аталмыш тайпалардың батысқа жасаған жорықтарының нәтижесінде антикалық тарихшылардың еңбектерінде аты атылып тарихта өшпес із қалдырды (1-карта).

Савромат-Сармат тайпаларының шығу тарихы әлі күнге дейін Еуразия археологиясындағы шешімін таппаған мәселелердің бірі болып табылуда. Аталмыш тайпалар мекендеген аймақтарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында тақырыпқа тірек болатын

жазба деректердің табылмауына байланысты, Сармат тайпалары жайындағы мәліметтерді тек антикалық жазушылардың еңбектерінен ғана оқып үйренудеміз. Б.з.д. IV ғасырға дейінгі жазбаша деректерде аталмыш тайпалардың аты «Савроматае» деп аталған болса, б.з.д. IV ғасырдың аяғындағы жазбаша деректерде бұл тайпалардың аты «Сарматае» деп атала бастады (Durmuş, 2012: 57). Сондықтан, ғалымдардың көпшілігі б.з.д. VI-IV ғасырларда Оңтүстік Орал аймағында Савроматтардың өмір сүргендігін, б.з.д. IV ғасырда шығыстан келген Дах және Массaget тайпаларының ықпалымен Сармат конфедерациясының құрылғандығын және олардың Савромат мәдениетін жалғастырғандығын атап көрсетеді (Смирнов, 1976: 18; Durmuş, 2012: 55). Осы себептерге байланысты, кәзіргі таңдағы әдебиеттерде Оңтүстік Орал аймағының ерте темір дәуірін «Савромат кезеңі» (б.з.д. VI – IV ғасырлар), ал кейінгі кезеңі «Сармат кезеңі» (б.з.д. IV – б.з. IV ғасырлар) деп аталады (Граков, 1947: 100-121).



1-карта – Оңтүстік Орал аймағы

Бұл мақалада аталмыш тайпалардың мәдениеті, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі және жерлеу орындарынан табылған қару-жарақтар қарастырылып, жазба деректерде баяндалған Савромат және Сармат тайпаларының түбі бір туыс тайпалар болғандығы атап көрсетілген. Бұл пікірімізге Савромат тайпаларының қорымдарынан Сармат тайпаларының да жерлеу орындарының кездесуі, бір оба үйіндісі астында Савромат және Сармат тайпаларының жерлеу орындарының анықталуы, жерлеу орындарынан табылған бұйымдардың бір-біріне құсастығы дәлел болуда. Түбі бір Сармат тайпалары қаза тапқан туыстарын өздерінен бұрын өмір сүрген Савроматтардың обаларына жерлегендігін Лебедевқа, Тау, Карачаево, Алебастрово, Бесоба, Кум-Сай, Сынтас, Жалғыз-оба, Қос-оба, Мамай, Шалқар, Барбастау және Қырық-оба қорымдарынан кездестіруге болады.

Жазбаша деректер мен археологиялық деректерді зерттеудің нәтижесінде Савроматтардың негізінде б.з.д. IV ғасырдың басында Орал тауларының оңтүстігінде шығыстан келген бірнеше көшпелі тайпалардың бірігуімен Сармат деген атпен үлкен одақтың құрылғандығын және олардың Орта Азия мен Шығыс Еуропада үлкен саяси күшке ие болғандығы анықталды.

Жоғарыда аталған мәліметтерді негізге ала отырып, мақаламызда атаулардың бір-бірімен шатастырып алмау мақсатында бұдан кейін «Савромат» атауы ерте кезең үшін, ал «Сармат»

атауы кейінгі кезеңі үшін қолданылады.

### Материалдар мен әдістер

Мақалада тарихи жазбаша деректерді археологиялық деректермен салыстырмалы түрде талданып Савромат-Сармат тайпаларының объективті тарих жазылды. Сонымен қоса тарих және археология салалары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері жинақталып, салыстырмалы түрде талдау жасалынып, аталмыш тайпалардың қалыптасы тарихына байланысты ғылыми негізде тұжырымдар жасалынды.

Салт атты көшпелі тайпалар жайындағы тарихи жазбаша деректерді археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен салыстырмалы түрде талдап, Савромат тайпаларының б.з.д. IV ғасырдың басында Оңтүстік Орал аймағында шығыстан келген көшпелі тайпаларымен бірігуінің арқасында Сармат деген атпен үлкен одақтың құрылғандығын және олардың Орта Азия мен Шығыс Еуропада үлкен саяси күшке ие болғандығы анықталды.

Батыс Қазақстанның ерте темір дәуірінің тарихы бүгінге дейін аз зерттелген тақырыптардың бірі болып табылуда. Сол себепті зерттеушілер арасында осы күнге дейін Савромат-Сармат тайпаларының шығу тарихы, мекендеген аймақтары және қалыптастырған мәдениеттерінің хронологиясы жайлы өзара

ортақ пікірге келе алмаған. Бұл тақырып ғалымдардың арасында пікірталас тудырып отырған мәселелердің бірі болып табылуда.

Зерттеу жұмысында, Батыс Қазақстанның темір дәуірінің хронологиясы ретінде Б.Н. Граковтың (1947: 100-121) жасаған хронологиялық классификациясын негізге ала отырып, Савромат-Сармат тайпаларының өмір сүрген кезеңін төрт кезеңге бөліп қарастырдық (1-кесте):

1. Савромат кезеңі, Блюменфельд мәдениеті б.з.д. VI-IV ғасырлар;

2. Ерте Сармат кезеңі, Прохоров мәдениеті б.з.д. IV – II ғасырлар;

3. Орта Сармат кезеңі, Суслов мәдениеті б.з.д. II – б.з. II ғасырлар;

4. Соңғы Сармат кезеңі, Шипов мәдениеті б.з. II - IV ғасырлар.

Кәзіргі таңда зерттеуші ғалымдардың арасында Савромат-Сармат тайпаларының шығу тарихы жайында екі түрлі пікір қалыптасқан. Олардың бірі жазбаша деректерге, ал екіншісі археологиялық деректерге сүйене отырып аталмыш тайпалардың шығу тарихы жайында өз тұжырымдарын ортаға салған.

**1-кесте** – Савромат-Сармат тайпаларының өмір сүрген кезеңінің жіктелуі

№	Кезеңдер	Мәдениеттер	Хронологиясы	Қару-жарак түрлері
1	Савромат кезеңі	Блюменфельд мәдениеті	б.з.д. VI-IV ғасырлар	Сабының басы грифон, саңырауқұлақ, антен немесе доға пішімді, балдағы көбелек немесе бүйрек пішімді қылыштар мен қанжарлар, екі немесе үш қанатты ұзын ұңғылы жебе ұштар
2	Ерте Сармат кезеңі	Прохоров мәдениеті	б.з.д. IV-II ғасырлар	Сабының басы ай пішімді, балдағы тік бұрышты қылыштар мен қанжарлар, екі және үш қанатты қысқа немесе жасырын ұңғылы жебе ұштар
3	Орта Сармат кезеңі	Суслов мәдениеті	б.з.д. II – б.з. II ғасырлар	Сабының басы жүзік пішімді, балдағы тік бұрышты қылыштар мен қанжарлар, екі және үш қанатты ұңғылы немесе сапты жебе ұштар
4	Соңғы Сармат кезеңі	Шипов мәдениеті	б.з. II-IV ғасырлар	Сап бөлігі сақталмаған қылыштар мен қанжарлар, үш қанатты сапты жебе ұштар

Савромат-Сармат тайпаларының шығу тарихы туралы баяндалған жазбаша деректерде, антикалық тарихшы Геродот олардың амазонкалармен (жауынгер әйелдер) Сақ еркектерінің қосылуынан пайда болғандығын алға тартады (Herodot, IV. 110-116; Kimball, 2013: 86). Ал, Гиппократ болса, Савромат-Сармат тайпалары Сақтардың бір тармағы (бөлігі) ретінде сол кезеңде өмір сүргендерін және оларға генетикалық тұрғыдан жақын тайпа болғандығын атап көрсетеді (Hippocrates, VI.17). Жоғарыда аты аталған антикалық тарихшылардың жазба деректерін талдау жасай отырып, Савромат-Сармат тайпаларының шығу тарихының Сақ тайпаларымен байланысты екендігі және ерте темір дәуірінде өмір сүрген Сақ тайпаларының бір тармағы ретінде сол кезеңде үлкен тайпа болғандығы анықталды.

Ал, археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде б.з.д. VI ғасырда Дон өзенінің шығысында және Оңтүстік Орал аймағында Савромат-Сармат мәдениетінің пайда болғандығы анықталды. Бұл мәдениеттің Оңтүстік Орал аймағындағы қола дәуіріндегі мәдениеттерден айырмашылығы, жерлеу рәсімдері мен жерлеу орындарынан табылған бұйымдардан айқын көрінуде.

### Зерттеу нәтижелері

Савромат-Сармат тайпаларының шығу тарихы туралы археологтардың да арасында екі түрлі пікір қалыптасқан. Бірінші пікір бойынша, Савромат-Сармат тайпалары Дон өзенінің шығысында және Оңтүстік Орал аймағында қола дәуіріндегі Андронов және Сурубная

мәдениеттерін қалыптастырған тайпалардың ұрпағы болып табылады, яғни шығу тарихы қола дәуірінде өмір сүрген тайпалармен байланысты (Смирнов, 1964: 4). Ал, екінші пікір бойынша Азов теңізі жағалауындағы тайпалардың Сақ тайпаларымен бірігуінен Савроматтардың пайда болғандығы, яғни шығу тарихының Сақ тайпаларымен байланысты екендігі айтылады (Мищенко, 1882: 477; Ростовцев, 1918: 3-34; Граков, 1954: 14; Смирнов, 1964: 182-188).

Б.з.д. II мың жылдары Дон өзенінің шығысында және Оңтүстік Орал аймағында Андронов және Сурубная мәдениеттерін қалыптастырған тайпалардың жерлеу рәсімдері мен Б.з.д. VII-IV ғасырлар аралығында өмір сүрген Савроматтардың жерлеу рәсімдерінің арасында ұқсастықтардың болуына байланысты, Савромат-Сармат тайпалары қола дәуірінде Андронов және Сурубная мәдениеттерін қалыптастырған тайпалардың ұрпағы деп саналады (Смирнов, 1964: 4). Қола дәуіріндегі андронов және сурубная мәдениетіне тән жерлеу орындарынан кездесетін бояу, әк-тас, бор, көмір бөліктері және сыртқы беті гаммалы крестпен безендірілген қолда пошымдалып жасалған саз ыдыстар Савромат жерлеу орындарынан да кездеседі. Сондай-ақ қола дәуірінде өмір сүрген тайпалардың қорымдарынан Савромат обаларының табылуы және бір оба үйіндісі астынан қола дәуірінде өмір сүрген тайпалар мен Савромат тайпаларының жерлеу орындарының кездесуі, аталмыш тайпалардың қола дәуірінде өмір сүрген тайпалармен байланысы болғандығын дәлелдей түседі. Себебі Орталық Азияда өмір сүрген халықтар қайтыс болған туыстарын ата-бабалары жатқан қорымға жерлейтін болған. Қайтыс болған туыстарын ата-бабаларының жанына жерлеу дәстүр кәзіргі таңда да жалғасын табуда. Жоғарыда келтірілген деректерді негізге ала отырып, Савромат тайпалары қола дәуірінде өмір сүрген тайпаларды өз туыстары ретінде санап, ата-бабаларының жанына қайтыс болған туыстарын жерлеген болуы мүмкін деген тұжырымға тоқтадық.

Батыс Қазақстан территориясындағы Алабастрово 2 қорымындағы №14 обада (Железчиков, 1998: 71), Лебедевка 8 қорымындағы №7 обада, Лебедевка 5 қорымындағы №3, №8, №12, №13, №39, №40 және №43 обаларында (Железчиков, Клепиков, Сергацков, 2006: 12-35), Лебедевка 4 қорымындағы №10 обада (Мошкова, Железчиков и Кригер, 1980: 16-17), Қос-Оба қорымындағы №13 және №15 обаларда (Же-

лезчиков, 1998: 70), сондай-ақ, Новопавловка қорымындағы №1, №2, №3 және №4 обаларда (Железчиков, Кригер, Заседателева и Иксанова, 1977: 513-514) Савромат тайпаларының жерлеу орындарымен қатар қола дәуірінде өмір сүрген тайпалардың жерлеу орындары бірге кездесуде.

Б.Н. Граков өз зерттеулерінде, Сақтардың Азов теңізінің айналасында өмір сүрген Майотис тайпасын ассимиляцияға ұшыратуының нәтижесінде Савроматтардың пайда болғандығын атап көрсетеді (Граков, 1954: 14). Ал, Ф.Г. Мищенко болса, Сақтардың Солтүстік Кавказ аймағындағы Кемерлерді жаулап алуынан кейін сол аймақтағы бір тайпаның ассимиляцияға ұшырауының нәтижесінде Савроматтардың пайда болғандығын айтады (Мищенко, 1882: 477). М.И. Ростовцев болса, Савроматтардың Азов теңізінің айналасында өмір сүрген тайпалармен туыс болғандығын және олармен бірге Төменгі Дон аймағында және Азов теңізінің айналасында өмір сүргендігін атап көрсетеді. Сонымен қатар, Савромат-Сармат және Сақ тайпаларының тілі мен мәдениетінің бір-біріне жақын болғандығын және Сақ одағының құрамында болғандығы туралы деректерді алға тартады (Ростовцев, 1918: 33-34). Ал, К.Ф. Смирнов болса, Сармат және Сақ тайпаларының генетикалық тұрғыдан бір-біріне жақын туыс тайпалар болғандығын, Сақтардың б.з.д. VIII ғасырда Солтүстік Қаратеңіз және Алдыңғы Азияға жасаған жорықтарына Савроматтардың да қатысқандығын, бұл жорықтан кейін Сақтардан бөлініп Оңтүстік Орал аймағына келіп одақ құрғандығын атап көрсетеді. Сондай-ақ Савромат тайпаларының Орталық Қазақстанда өмір сүрген Сақтардың Тасмола мәдениетін жалғастырғандығын да атап көрсетеді (Смирнов, 1976: 18). Себебі, археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Тасмола обаларының архитектурасы мен Оңтүстік Орал аймағындағы Еділ, Жайық және Елек өзендерінің бойында орналасқан б.з.д. VII-V ғасырларға жататын Савромат обаларының архитектурасының ұқсастықтары анықталуда.

Савромат-Сармат тайпаларының ескерткіштерінде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, батыста мекендеген аталмыш тайпалардың Солтүстік Қаратеңіз және Солтүстік Кавказ аймақтарын мекендеген Сақтармен (Парадария Сақтары), ал шығыстағы Савромат-Сармат тайпаларының шығыста мекендеген Сақтармен (Тиграхауда және Хаумаварга Сақтары) және Массает тайпаларымен

жақын қарым-қатынаста болғандығы анықталды (Смирнов, 1964: 3). Себебі батыстағы Савромат-Сармат тайпалары Солтүстік Кавказ және Солтүстік Каратеңіз аймақтарында мекендеген Сақ тайпаларымен, ал шығыстағы аталмыш тайпалардың Орта Азияда өмір сүрген Сақ тайпаларымен өте жақын қарым-қатынаста болған. Батыс Қазақстандағы б.з.д. VI-V ғасырларға жататын Лебедевка, Бесоба, Сынтас, Ақжар, Матвеевка, Прохоровка, Алебастревка, Қырық Оба, Селинни, Нагорный, Кум-сай және Қара Оба обаларындағы Савромат тайпаларының жерлеу орындарынан табылған сақ үлгісіндегі қоладан жасалған жебе ұштар, сақ үлгісіндегі қылыштар мен қанжарлар Савроматтардың Сақ тайпаларымен жақын байланыста болғандығын дәлелдей түсуде.

Бұл мақалада Савромат тайпаларының қола дәуірінде өмір сүрген Андропова және Сурубная мәдениеттерін қалыптастырған тайпалардың ұрпағы екендігін, сондай-ақ олардың Сақ тайпаларымен де жақын қарым-қатынаста болғандығын атап өткіміз келеді. Себебі Орта Азияда ерте темір дәуірінде өмір сүрген Сақ және Савромат-Сармат тайпалары сырттан келмеген, аталмыш тайпалар осы аймақта қола дәуірінде өмір сүрген тайпалардың ұрпағы болып табылады. Сақ және Савромат-Сармат тайпаларының жақын туыс тайпалар екендігін, олардың діни наным-сенімдерінің, әдет-ғұрыптарының, мәдениеттерінің, жерлеу дәстүрінің және қолданған қару-жарақтарының бір-біріне өте ұқсас болуы айғақтайды. Сондай-ақ аталмыш тайпалардың генетикалық тұрғыдан бір-біріне жақын болуы, өмір сүру салтымен байланысты. Сол себепті, Сақ және Савромат-Сармат тайпалары тарихта «Салт атты көшпелі тайпалар» деп те аталған.

Ғалымдардың басым көпшілігі Оңтүстік Орал аймағында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесін талдай отырып, аталмыш аймақта б.з.д. IV ғасырда шығыста өмір сүрген көшпелі тайпалардың ықпалының күшейе бастағандығын атап көрсетеді. Себебі тарихта Савроматтардың шығысында Сақтардың, батысында Еуропа Сақтардың, ал оңтүстігінде Дах және Массaget тайпаларының өмір сүргендігі баршаға мәлім. А.Х. Пшеничнюк пен К.Ф. Смирнов, б.з.д. IV ғасырда Оңтүстік Орал аймағында Арал теңізінің маңында мекендеген тайпалардың ықпалының күшейе бастағандығын айта отырып, аймақта бірнеше көшпелі тайпалардың бірігуінің нәтижесінде,

Сармат тайпалық одағының құрылғандығын атап көрсетеді (Пшеничнюк, 1983: 128-130; Смирнов, 1964: 286). Себебі б.з.д. IV ғасырда Парсы патшасы Даридің Сақтарға жасаған жорығының нәтижесінде жеңіліс тапқан Арал теңізінің маңында мекендеген Дах және Массaget тайпалары, Парсы патшалығына тәуелді болмау мақсатында солтүстікке қарай көше бастағандығы және Оңтүстік Орал аймағында өмір сүрген Савроматтармен қосылып одақ құрғандығы анықталды. Шығыстың құнды жазбаша деректерінің бірі болып саналатын Бехистун жазбасының 5-ші тарауында, б.з.д. 519 жылы I-ші Даридің Орта Азияда мекендеген Сақ тайпаларымен соғысқандығы және сол соғыста Сақ тайпаларының бір бөлігін жеңгендігі туралы мағлұматтар келтірілген. Сонымен қатар, аталмыш жазба деректе, Сақ тайпаларының бір бөлігінің Орта Азиядан батысқа қарай ығыстырылғандығы жайлы мағлұмат та кездеседі (Дандамаев, 1963: 269). Бехистун жазба деректеріне сүйене отырып, б.з.д. IV ғасырда Дах және Массaget тайпаларының батысқа қарай көшкендігіне айта аламыз. Осы көштің нәтижесінде, б.з.д. IV ғасырдың бірінші жартысында Дон өзенінің шығысы мен Оңтүстік Орал аймағында өмір сүрген Савромат тайпасымен шығыстан келген Дах және Массaget тайпаларының бірігуінің арқасында Сармат тайпалық одағы құрылған. Бұл пікірімізді жазба деректермен қатар археологиялық деректер де қуаттай түсуде.

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде б.з.д. IV ғасырдың басынан бастап бұл аймақта өмір сүрген тайпалардың жерлеу орындары мен күнделікті тұрмыста қолданған заттарында бірқатар өзгерістердің орын ала бастағаны анықталды. Бұл кезеңнен бастап оба үйінділері таспен қаптала бастайды, катакомбалық, дромосты және падбой қабірлер кеңінен қолданыла бастайды, жерлеу орындарының құрлысында ағаш көп мөлшерде қолданыла бастайды (Гуцалов, 2004: 14-15). Бұдан ертеректегі кезеңге жататын жерлеу орындарда қайтыс болған адамның басы батысқа бағытталған болса, бұл кезеңнен бастап қайтыс болған адамның басы оңтүстікке бағыттала бастайды. Сабының басы грифон, саңырауқұлақ немесе доға пішімді, балдағы көбелек немесе бүйрек пішімді қылыштар мен қанжарлардың орнын, сабының басы ай пішімді, балдағы тік бұрышты қылыштар мен



қанжарлар ауыстыра бастайды (Мошкова, 1963: 6). Сондай-ақ екі қанатты ұзын ұңғылы жебе ұштары қолданыстан шығып, үш қанатты ұзын немесе жасырын ұңғылы қола жебе ұштар кеңінен қолданыла бастайды (Пшеничнюк, 1983: 109). Қыш-құмыраларға келер болсақ, түбі дөңгелек қыш-құмыралардың орнын, түбі тегіс қыш-құмыралар ауыстыра бастайды (Мошкова, 1963: 6).

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып б.з.д. IV ғасырдың басында Оңтүстік Орал аймағында мекендеген көшпелі тайпа-

лармен шығыстан келген көшпелі тайпалардың бірігуінің нәтижесінде Сармат тайпалық одағының құрылғандығын және олардың Орта Азияда үлкен күшке ие болғандығын айта аламыз. Осы дәуірден бастап Сармат тайпалары үлкен саяси күшке ие болып территорияларын батысқа қарай кеңейтіп, Дон өзенінің батыс жағына Азов теңізіне қарай өте бастайды (2-карта) (Жолдасбаев, 2010: 68). Батысқа қарай жасаған жорықтардың нәтижесінде б.з.д. II ғасырда Солтүстік Қара теңіз аймағындағы Сақ патшалығын құлатады (Durtmuş, 2012: 103).



2-карта – Савромат-Сармат тайпаларының батысқа жылжуы

Антикалық тарихшы Диодоростың еңбектерінде Б.з.д. II ғасырда Сармат тайпалары Солтүстік Қаратеңіз аймағында мекендеген Сақ тайпаларына жорықтар жасап, оларды жеңіп аталмыш аймақты билік жүргізгендігі баяндалады (Diodorus, II. 43. 6). Б.з.д. II – б.з. IV ғасырларында Оңтүстік Орал аймағынан Солтүстік Қара теңіз аймағына дейінгі созылған кең байтақ территорияда Сармат тайпалары билік құрады (Смирнов, 1964: 3).

Б.з.д. IV ғасырларда Сармат тайпалары Қара теңіз жағалауындағы грек қалаларын басып ала бастағандығы белгілі. Б.з.д. 310-309 жылдары Сармат патшасы Арипхарнестің, Кубан өзенінің бойындағы үлкен соғыста жиырма мың атты

әскері және жиырма екі мың жаяу әскерімен Боспор патшасы Эумелосқа көмектескендігі жайында деректер кездеседі (Siculus, 1996: XX, 22.4). Бұл соғыс Боспор патшалығындағы таққа таласудың нәтижесінде басталған болатын. Сарматтар Кубан алқабына өтіп, Боспорос патшалығы тұсында осы аймақта үлкен саяси күшке ие болады (Rostovtzeff, 1969: 96).

Осылайша Солтүстік Қаратеңіз аймағында мекендеген Сармат тайпалары Римдік жазба деректерде кездесе бастайды (Brezezinski, 2002: 8). Осы кезеңнен бастап Сармат тайпалары Рим империясының шығыс шекарасына қауіп төндіре бастайды. Солтүстік Қаратеңіз аймағында айдауда болған ежелгі рим ақыны Овиди Сармат-

тарды жақыннан танып, Сармат тайпаларының атты жауынгерлері қыс бойы мұз болып тонған өзеннен қарсы бетке өткендігін баяндай келе «олардың былғарыдан жасалған шалбары мен сауыттары күннің суығынан денені қорғап жылы ұстады, бүкіл денесінен тек беттері ғана ашық болды, шаштарына қатқан мұздар бір-біріне тиіп тырсылдап, мұз жамылған еріндері жарқырап тұрды» дей отырып өз еңбегінде оларды сипаттайды (Ovidius III, 10).

Осы кезеңнен бастап Сармат тайпалары Солтүстік Қаратеңіз аймағындағы Грек қалаларын жаулап ала бастайды. Сарматтарға қарсы күресу мақсатында Гректер Понтус патшасы VI Митридаттан жәрдем сұрайды. Антикалық тарихшы Страбон өз еңбегінде, Б.з.д. II ғасырда Солтүстік Қаратеңіз аймағында Сармат тайпалары Понтус патшасы VI Митридаттың соғысқандығын баяндайды (Strabon, VII, 3.17). Осы соғыстан кейін Сармат тайпалары Боспор патшалығымен Рим империясына қарсы бірнеше жорықтар жасайды (Arrianus, 15,19,69). Страбон Сармат тайпалары Дунай өзенінен өтіп, аталмыш өзеннің бойына және оңтүстігіне қоныстана бастағандығын баяндайды (Strabon, VII, 3.13). Жоғарыда келтірілген деректерді негізге ала отырып, Б.з.д. II ғасырда Сармат тайпаларының бір бөлігі Понтус патшалығымен, бір бөлігі Боспор патшалығымен, бір бөлігі Рим империясымен соғысқандығын айта аламыз. Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Солтүстік Қаратеңіз аймағындағы Сармат тайпаларының жерлеу орнындарынан қару-жарақтардың көптеп табылуы бұл пікірімізді қуаттай түсуде.

Жазба деректерде Сармат тайпалары Б.з. I ғасырынан бастап Кавказ тауларының оңтүстігіне өте бастағандығы баяндалады. Бұл уақытта Кавказ тауларының оңтүстігі Иберия патшалығының иелігінде болатын. Ал, Иберия патшалығының оңтүстігінде Парфия патшалығы билік құрды. Осы кезеңде Парфия патшалығы территориясын солтүстік бағытында кеңейту мақсатында Иберия патшалығымен соғысып жатқан болатын (Breezenski, 1999: 17). Антикалық тарихшы Тацит, аталмыш соғыста жалдамалы Сармат жауынерлері Иберия патшалығының әскерлері қатарында Парфия патшалығына қарсы соғысқандығын баяндайды. Сонымен қатар, бұл соғыста Парфия патшалығының әскерлері Сарматтардың атты әскерінен жеңіліс тапқандығы жайында мағлұматтар келтірілген (Tacitus, VI. 33-35).

Антикалық тарихшы Иосиф Флави болса, Сармат тайпалары Б.з. 73 – 135 жылдар аралығында Парфия патшалығына қарсы екі жорық жасап, Каспи теңізінің шығысынан Гиркания және Мидия жолы арқылы кәзіргі Армения территориясына дейінгі Парфия патшалығының жерін жаулап алғандығын баяндайды (Josephus VII. 7. 4). Жоғарыда келтірілген деректерден, Сармат тайпалары Б.з. I-II ғасырлар аралығында Парфия патшалығымен қатар Мидия патшалығының солтүстік-батыс бөлігін жаулап алғандығын аңғаруға болады. Сармат тайпаларының Кіші Азияға бағытталған осы жорығы Рим Империясының Каппадокиядағы генералы Аррианостың әскерлері арқылы тоқтатылған (Josephus, VII. 7. 4). Аррианос Сармат тайпаларының соғыс өнерін зеріттей отырып «Ektaxisis Kata Alanon» (Аландарға қарсы соғыс өнері) тақырыбында еңбегін жазып, аталмыш еңбекте Сармат әскерлерін жеңудің жолдарын баяндаған (Сулимирский, 2008 : 127).

Б.з. I-II ғасырлар аралығында Сармат тайпалары маңызды саяси күшке ие болып, территориясын Қаратеңіздің солтүстік-батысына дейін, яғни Карпат тауларының батысына дейін ұлғайтады. Осы кезеңде Рим Империясы өз территориясын солтүстік-шығыс бағытында ұлғайтуды, яғни Қаратеңіздің солтүстік жағалауына дейін жаулап алуды мақсат еткен болатын. Антикалық жазушы Плиний өз еңбегінде, Сармат тайпалары Б.з. 62 жылынан бастап Рим Империясының Мёзия аймағын жаулап алу мақсатында бірнеше жорықтар жасағандығын, бұл жорықтарыдың ең үлкені Б.з. 69 жылдың қыс мезгілінде Сарматтардың тоғыз мың атты жауынгерінің қатысуымен үлкен соғыстың болғандығын баяндайды (Plinius IV.80). Тациттің еңбегінде, атылмыш соғыста Сарматтардың атты әскерінің Римдіктердің екі легионын жеңгендігі және жан-жақтан қолдау тапқан үшінші легионның көмегімен осы соғыстың тоқтатылғандығы баяндалады (Tacitus, I. 79). Б.з. 70 жылында Сармат тайпалары Рим Империясының Мёзия аймағын қайта жорық жасап, Мёзия аймағының басшысы жазалап, аймақты жаулап алады (Durmuş, 2012: 84). Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, Сармат тайпалары Б.з. I ғасырында Рим Империясына қауып төндіргендігін және аталмыш империяның шығыс территорияларын жаулап алып, Шығыс Еуропада маңызды күшке ие болғандығын аңғаруға болады.



## Талқылау

Мақалада жазба деректер мен археологиялық деректерді талдай отырып, Сармат тайпалары Б.з. I ғасырынан бастап батыста Дунай өзенінен бастап, шығыста Арал теңізінің солтүстігіне дейінгі, оңтүстікте Кавказ тауларының оңтүстігіне дейінгі аралықтағы ұлан-ғайыр территорияда билік құрғандығы анықталуда.

Сармат тайпаларының батысқа бағытталған көші б.з. II ғасырына дейін жалғасты. Б.з. II ғасырында Рим империясының билік басына Адрианның келуімен Дакия және Дунай аймақтарында мекендеген Сарматтар Қара теңіздің солтүстігіне қарай шегіне бастады. Готтардың б.з. 215-250 жылдарында Солтүстік Қара теңіз аймағына жасаған жорықтарының салдарынан Сарматтардың билігі одан сайын әлсірей бастайды.

Б.з. III ғасырдың аяғында шығыстан келген Ғұндар, Оңтүстік Орал аймағында өмір сүрген Сармат тайпаларын батысқа қарай ығыстыра бастайды және осы кезеңнен бастап аталмыш тайпалар тек Солтүстік Қара теңіз аймағында ғана билік жүргізеді.

Б.з. IV ғасырда шығыстан келген Ғұндар, Солтүстік Қара теңіз аймағында мекендеген Сармат тайпаларын толықтай бағындырып, батысқа бағыттаған жорықтарында аталмыш тайпаны пайдаланады. Б.з. IV ғасырынан бастап Сармат тайпалары Ғұн қоғамы ішінде өмір сүруін жалғастырады. Аммиан Марцеллин өз еңбегінде Сарматтардың Ғұндарға ұқсайтындығын, бірақ тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпында айырмашылықтардың байқалатындығын атап көрсетеді (Amianus, XXXI. 2. 21). Иордан болса, Сарматтарды Ғұндармен салыстыра отырып: «Сарматтар соғыста Ғұндармен тең дәрежеде мықты болды, бірақ мәдениет, салт-дәстүр тұрғысынан олардан өзгеше болды» дей отырып, Сарматтардың Ғұндарға ұқсас тұстары мен айырмашылығын атап көрсетеді (Jordanes, 126-7).

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден б.з. II ғасырдың аяғында Сармат тайпалары әлсірей бастағандығы көрінеді. Олардың бұлайша әлсірей бастауына сыртқы күштер көп ықпал етті. Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы грек қалаларын қол астында ұстап тұру үшін жүргізілген күрес, Дактар мен Римдіктердің Солтүстік Қара теңіз аймағына жасаған жорықтары (Dugmış, 2012: 102), сондай-ақ Балтық жағалауындағы Готтардың Сарматтарға жасаған жорықтары, Сармат тайпаларының

әлсіреуіне себеп болды. Бірақ Сармат тайпаларына жасалған ауыр соққының б.з. 375 жылы Ғұндар тарапынан берілгендігі және осы соғыста Сармат тайпалары талқандалып, Ғұн одағымен бірге (Sinor, 2000: 162).

## Қорытынды

Бұл мақалада Савромат тайпаларының қола дәуірінде өмір сүрген Андронина және Сурубная мәдениеттерін қалыптастырған тайпалардың ұрпағы екендігін анықталды. Қола дәуіріндегі андронов және сурубная мәдениетіне тән жерлеу орындарынан кездесетін бояу, әк-тас, бор, көмір бөліктері және сыртқы беті гаммалы крестпен безендірілген қолда пошымдалып жасалған саз ыдыстардың Савромат жерлеу орындарынан табылуы, қола дәуірінде өмір сүрген тайпалардың қорымдарынан Савромат обаларының табылуы және бір оба үйіндісі астынан қола дәуірінде өмір сүрген тайпалар мен Савромат тайпаларының жерлеу орындарының кездесуі бұл тұжырымымызды қуанттай түсуде. Себебі, Орта Азияда ерте темір дәуірінде өмір сүрген Сақ және Савромат-Сармат тайпалары сырттан келмеген, аталмыш тайпалар осы аймақта қола дәуірінде өмір сүрген тайпалардың ұрпағы болып табылады. Сақ және Савромат-Сармат тайпаларының жақын туыс тайпалар екендігін, олардың діни наным-сенімдерінің, әдет-ғұрыптарының, мәдениеттерінің, жерлеу дәстүрінің және қолданған қару-жарақтарының бір-біріне өте ұқсас болуы дәлел болуда. Сондай-ақ, аталмыш тайпалардың этникалық тұрғыдан бір-біріне жақын болуы, өмір сүру салтымен байланысты. Сол себепті, Сақ және Савромат-Сармат тайпалары тарихта «Салт атты көшпелі тайпалар» деген атпен танылып, түркі халықтарының арғы тегі екендігі анықталды.

Жинақталған жазба деректер мен археологиялық деректерді талдай отырып, б.з.д. IV ғасырдың басында Оңтүстік Орал аймағында мекендеген Савромат тайпасымен тарихи оқиғаларға байланысты шығыстан, яғни Арал теңізі маңынан келген Сақ тайпаларының бір бөлігі саналатын Дах және Массажет тайпаларының бірігуінің арқасында Сармат тайпалық одағының құрылғандығын және олардың Еуразия құрлығында маңызды саяси күшке ие болғандығы анықталды. Осы кезеңнен бастап Сармат тайпалары территорияларын батысқа қарай кеңейтіп, антикалық авторлардың еңбектерінде аттары атала бастайды. Батысқа

қарай жасаған жорықтардың нәтижесінде б.з.д. II ғасырда Солтүстік Қара теңіз аймағындағы Сақ патшалығын құлатып, Грекияға, Понтус, Боспор, Парфия, Иберия патшалықтарына және Рим империясына қауіп төндіргендігі анықталды. Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде Сармат тайпаларының Қара теңіз жағалауындағы және Алдыңғы Азиядағы жорықтары антикалық тарихшылардың қалдырған деректері негізінде баяндалып, олардың соғыс өнері мен ер жүрек жауынгер халық болғандығы анықталды. Сонымен қатар Б.з.д. II – б.з. IV ғасырларында шығыста Арал теңізінің солтүстігіне батыста Дунай өзенінен дейінгі ұлан-ғайыр территорияда Сармат тайпалары билік құрғандығы анықталуда.

Б.з.д. II–III ғасырлардағы Рим империясының, Дақтардың және Готтардың Сармат тайпаларына батыстан жиі-жиі жасаған жабуылдары мен шығыстан келген Ғұндардың соққысы Солтүстік Қаратеңіз аймағында мекендеген Сармат тайпаларын әлсірете бастады. Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде Сармат тайпаларының әлсіреуіне сыртқы факторлардың қатты әсер еткендігі белгілі болды. Соның ішінде Дақтардың, Римдіктердің және Готтардың жорықтары Сармат тайпаларының әлсіреуіне негіз болды. Дегенмен Сармат тайпалары үшін ауыр соққының Ғұндар тарапынан берілгендігі анықталды. Осылайша, б.з. IV ғасырынан бастап Сармат тайпалары Ғұн қоғамы ішінде өмір сүруін жалғастырып мемлекеттік дәрежеде өмір сүруін тоқтатты.

### Әдебиеттер

- Ammianus M. (1935-1939). Ammianus Marcellinus, İng. çev. John C. Rolfe. Cambridge: the Loeb Classical Library. P. 648.
- Appianus (1982). Appian's Roman History. İng. çev. Horace White. Cambridge: The Loeb Classical Library. P. 229.
- Brezekinski R., Mariusz M. (2002). The Sarmatians B.C. 600-AD 450, Oxford, Osprey Publishing. P. 48.
- Diodorus S. (1996). Diodorus Of Sicily. İngilizceye çev. C. H. Oldfather. London: Willim Heinmann.
- Durmuş İ. (2012). Sarmatlar. İstanbul: Akçağ Yayınları. S. 160.
- Gursoy M. Batı Kazakistan'da Sarmat Mezar Tipleri. Turk Dunyasi Sosyal Bilimler Dergisi 88, 2019. S. 137-167. [http://bilig.yesevi.edu.tr/shw\\_artcl-4009.html](http://bilig.yesevi.edu.tr/shw_artcl-4009.html)
- Flavius Josephus (1737). The Jewish Historian. Translated from the Original Greek, according to Havercamp's accurate Edition. London: Some time Professor of the Mathematicks in the University of Cambridge. P. 378.
- Heradot (2006). Herodot Tarihi. Çev. Müntekim Ökmen. İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları, 3. Baskı. S. 817.
- Hippocrates (1881). Airs, Waters, and Palaces. İngilizceye çev. Eminent Scholars. London: Messers, Wyman Sons. P. 107.
- Jordanes (1915). De Origine Actibusque Gothorum. İng. Çev. Charles C. Mierow.
- Kimball J.D. (2013). Savaşçı kadınlar Amazonlar. Çev. Serap Yeşiltuna. İstanbul: İleri Yayınları. S. 336.
- Ovidius N. (1996). Tristia- Ex Ponto. Cambridge: Loeb Classical Library. P. 208.
- Plinius (1997). Naturalis Historia, İng. çev. H. Rackham. Cambridge: Loeb Classical Library. P. 352.
- Rostovtzeff M. (1969). Armenians and Greeks in South Russia. New York: Russell & Russell. P. 312.
- Sizdikov B.S. M.Ö. 1. Binde Avrasya Boskırlarında Yaşayan Atlı Göçebe Kavimlerin Zırhları // Bilig – Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi, 90, 2019. S. 1-19. <https://doi.org/10.12995/bilig.9001>
- Sizdikov B.S., Seraliyev A.A. Swords from Sauromato–Sarmatian Burial Mounds of Western Kazakhstan Analyzed // Oriental Studies. 15(5), 2022. P. 1110-1125. DOI: 10.22162/2619-0990-2022-63-5-1110-1125
- Sinor D.D. (2000). Erken İç Asya Tarihi. İstanbul: İletişim Yayınları. S. 664.
- Strabon (1969). The Geography of Strabo. Çev. Horace Leonard Jones. Cambridge: The Loeb Classical Library. P. 252.
- Tacitus G.C. (1992). Historia. İng. çev. Clifford H. Moore. Cambridge: The Loeb Classical Library. P. 328.
- Граков Б.Н. (1947). Пережитки матриархата у сарматов. ВДИ, №3. С. 100-121.
- Граков Б.Н. (1954). Каменское городище на Днепре. Москва: Изд-во АН СССР. С. 238.
- Гуцалов С.Ю. (2004). Древние кочевники Южного Приуралья VII-I вв. до н.э. Уральск: Зап.- Казахстан. обл. центр истории и археологии. С. 136.
- Дандамаев М.А. (1963). Поход Дария против скифского племени тиграхауда. КСИНА, вып. 66. С. 179-269.
- Железчиков Б.Ф. (1998). Археологические памятники Уральской области. Волгоград: Изд-во Волгогр. гос. ун-та. С. 82.
- Железчиков Б.Ф., Клепиков В.М., Сергацков И.В. (2006). Древности Лебедевки (VI-II вв. до н.э.). Москва: Восточная литература. С. 159.
- Железчиков Б.Ф., Кригер В.А., Заседателева С.Л., Иксанова Ф.К. (1977). Раскопки курганов у с. Новопавловка. Археологические Открытия 1976 года. С. 513-514.
- Жолдасбаев С.Ж. (2010). Ежелгі және ортағасыр Қазақ елінің тарихы. Алматы: Кітап. 336 б.
- Мищенко Ф.Г. (1882). К вопросу об этнографии и географии Геродотовой Скифии (по поводу книги Э.Боннеля). Университетские известия, № 11. С. 477.
- Мошкова М.Г. (1963). Памятники Прохоровкой культуры. Москва: Изд-во АН СССР. С. 88.

- Мошкова М.Г., Железчиков Б.Ф., Кригер В.А. (1980). Отчет о археологических работах на территории Уральского региона в 1980 г. Материалы из архива института археологии имени А.Х.Маргулана. Дело №1838. Уральск: С. 10-104.
- Пшеничнюк А.Х. (1983). Культура ранних кочевников Южного Урала. Москва: Наука. С. 200.
- Ростовцев М.И. (1918). Эллинизм и иранство на юге России. Общий очерк. Петроград: «Огни». С. 190.
- Смирнов К.Ф. (1964). Савроматы. Москва: Наука. С. 381.
- Смирнов К.Ф. (1976). "Савроматы" и "сарматы". Этнокультурные связи населения Урала и Поволжья с Сибирью, Средней Азией и Казахстаном в эпоху железа. Тез. докл. конф. Уфа: б.и., С. 17-19.
- Сулимирский Т. (2008). Сарматы. Древний народ юга России. Москва: Центрполиграф. С. 191.

## References

- Ammianus M. (1935-1939). Ammianus Marcellinus, İng. çev. John C. Rolfe. Cambridge: the Loeb Classical Library. P. 648.
- Appianus (1982). Appian's Roman History. İng. çev. Horace White. Cambridge: The Loeb Classical Library. P. 229.
- Brezekinski R., Mariusz M. (2002). The Sarmatians B.C. 600-AD 450, Oxford, Osprey Publishing. P. 48.
- Dandamaev M.A. (1963). Pohod Dariya protiv skifskogo plemeni tigrhahauda [Darius's campaign against the Scythian tribe Tigrhahauda]. KSINA, вып. 66. p. 179-269.
- Diodorus S. (1996). Diodorus Of Sicily. İngilizceye çev. C. H. Oldfather. London: Willim Heinmann.
- Durmuş İ. (2012). Sarmatlar. İstanbul: Akçağ Yayınları. S. 160.
- Flavius Josephus (1737). The Jewish Historian. Translated from the Original Greek, according to Havercamp's accurate Edition. London: Some time Professor of the Mathematicks in the University of Cambridge. P. 378.
- Grakov B.N. (1947). Perezhitki matriarhata u sarmatov [Remnants of matriarchy among the Sarmatians]. VDI, №3. p. 100-121.
- Grakov B.N. (1954). Kamenskoe gorodishche na Dnepre [Kamenskoe settlement on the Dnieper]. Moskva: Izd-vo AN SSSR. C. 238.
- Gucalov S.Yu. (2004). Drevnie kochevniki Yuzhnogo Priuralya VII-I vv. do n.e. [Ancient nomads of the Southern Urals of the 7th-1st centuries BC.] Uralsk: Zap.- Kazahstan. obl. centr istorii i arheologii. C. 136.
- Gursoy M. Batı Kazakistan'da Sarmat Mezar Tipleri. Turk Dunyasi Sosyal Bilimler Dergisi 88, 2019. S. 137-167. [http://bilig.yesevi.edu.tr/shw\\_artcl-4009.html](http://bilig.yesevi.edu.tr/shw_artcl-4009.html)
- Heradot (2006). Herodot Tarihi. Çev. Müntekim Ökmen. İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları, 3. Baskı. S. 817.
- Hippocrates (1881). Airs, Waters, and Palaces. İngilizceye çev. Eminent Scholars. London: Messers, Wyman Sons. P. 107.
- Jordanes (1915). De Origine Actibusque Gothorum. İng. Çev. Charles C. Mierow.
- Kimball J.D. (2013). Savaşçı kadınlar Amazonlar. Çev. Serap Yeşiltuna. İstanbul: İleri Yayınları. S. 336.
- Mishchenko F.G. (1882). K voprosu ob etnografii i geografii Gerodotovoj Skifii (po povodu knigi E.Bonnelya) [On the ethnography and geography of Herodotus Scythia (regarding the book by E. Bonnell)]. Universitetskie izvestiya, № 11. p. 477.
- Moshkova M.G. (1963). Pamyatniki Prohorovkoj kultury [Monuments of Prokhorovka culture]. Moskva: Izd-vo AN SSSR. C. 88.
- Moshkova M.G., Zhelezchikov B.F., Kriger V.A. (1980). Otchet o arheologicheskikh rabotah na territorii Uralskogo regiona v 1980 g. [Report on archaeological work on the territory of the Ural region in 1980] Materialy iz arhiva instituta arheologii imeni A.H.Margulana. Delo №1838. Uralsk. p. 10-104.
- Ovidius N. (1996). Tristia- Ex Ponto. Cambridge: Loeb Classical Library. P. 208.
- Plinius (1997). Naturalis Historia, İng. çev. H. Rackham, Cambridge: Loeb Classical Library. P. 352.
- Pshenichnyuk A.H. (1983). Kultura rannih kochevnikov Yuzhnogo Urala [The culture of the early nomads of the Southern Urals]. Moskva: Nauka. C. 200.
- Rostovcev M.I. (1918). Ellinstvo i iranstvo na yuge Rossii [Hellenism and Iranism in the South of Russia]. Obshchi ocherk. Petrograd: «Ogni». C. 190.
- Rostovtzeff M. (1969). Armenians and Greeks in South Russia. New York: Russell & Russell. P. 312.
- Sizdikov B.S. M.Ö. 1. Binde Avrasya Boskırlarında Yaşayan Atlı Göçebe Kavimlerin Zırhları // Bilig – Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi, 90, 2019. S. 1-19. <https://doi.org/10.12995/bilig.9001>
- Sizdikov B.S., Seraliyev A.A. Swords from Sauromato–Sarmatian Burial Mounds of Western Kazakhstan Analyzed // Oriental Studies. 15(5), 2022. P. 1110-1125. DOI: 10.22162/2619-0990-2022-63-5-1110-1125
- Sinor D.D. (2000). Erken İç Asya Tarihi. İstanbul: İletişim Yayınları. S. 664.
- Smirnov K.F. (1964). Savromaty [Sauromats]. Moskva: Nauka. C. 381.
- Smirnov K.F. (1976). "Savromaty" i "sarmaty" ["Savromats" and "Sarmatians"]. Etnokulturnye svyazi naseleniya Urala i Povolzhya s Sibiryu, Srednei Aziei i Kazahstanom v epohu zheleza. Tез. dokl. konf. Ufa: б.и., p. 17-19.
- Strabon (1969). The Geography of Strabo. Çev. Horace Leonard Jones. Cambridge: The Loeb Classical Library. P. 252.
- Sulimirskaı T. (2008). Sarmaty. Drevnii narod yuga Rossii [Sarmatians. Ancient people of the south of Russia]. Moskva: Centrpoligraf. p. 191.
- Tacitus G.C. (1992). Historia. İng. çev. Clifford H. Moore. Cambridge: The Loeb Classical Library. P. 328.
- Zhelezchikov B.F. (1998). Arheologicheskie pamyatniki Uralskoi oblasti [Archaeological sites of the Ural region]. Volgograd: Izd-vo Volgogr. gos. un-ta. C. 82.

Zhelezchikov B.F., Klepikov V.M., Sergackov I.V. (2006). Drevnosti Lebedevki (VI-II vv. do n.e.) [Antiquities of Lebedevka (VI-II centuries BC)]. Moskva: Vostochnaya literatura. С. 159.

Zhelezchikov B.F., Kriger V.A., Zasedateleva S.L., Iksanova F.K. (1977). Raskopki kurganov u s. Novopavlovka [Excavation of burial mounds near the village. Novopavlovka] // Arheologicheskie Otkrytiya 1976 goda. p. 513-514.

Zholdasbaev S.Zh. (2010). Ezhelgi zhane ortafarirlardagi kazak elinin tarihi [History of ancient and medieval Kazakhstan]. Almaty: Kitap. 336 б.